

М.Т. Шоқай* *Пед. ғылым.магистрі**Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ**Астана, Қазақстан*mshokhayev@mail.ru**Р.С. Тұрысбек** *Фил. ғылым.д-ры, профессор**Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ**Астана, Қазақстан*rst_58@mail.ru

«БОПАЙ ХАНЫМ» ТАРИХИ РОМАНЫНДАҒЫ ХАН ӘБІЛҚАЙЫР БЕЙНЕСІ

Аңдатпа. Қазақ әдебиетінің ұзақ жылдар бойғы тәжірибесінде тарихи романдардың маңызы да, бәсі де қашанда жоғары болды. Өткенді жаңғыртып, ұмытылғанды еске түсіріп, қалтарыста қалғанды жарыққа шығарып, ел мүддесіне қызмет етіп жатқан тарихи туындыларды қазақ өскелең әдебиетінің негізгі сипаты ретінде қарастырсақ, қателеспейміз. Дәл осындай туындылар турасында ізденістер жасаған авторлар мақалада егемендік тұсында қазақ прозасының тақырыптық аясының кеңігендігіне және тарихи романдардың халық санасын жаңғыртудағы маңызына назар аудартады. Қазақ жазушысы Мәди Айымбетовтың «Бопай ханым» тарихи романын негізгі нысан ретінде ала отырып, атақты кіші жүз ханы Әбілқайыр хан бейнесінің сомдалуы қарастырылады. Бұл роман өзінің жаңалығымен, әйел туралы жазылған өте аз шығармалардың бірі болғандығымен және өмірі қарама-қайшылыққа толы Әбілқайыр хан мен оның заманын суреттеуде үлкен талпыныс жасаған шығарма екендігімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, авторлар Әбілқайыр бейнесінің жасалуындағы қазақ сөз өнерінің көркемдік дәстүріне, дүниетанымына, автордың жеке позициясына мән беруге шақырады. Романдағы өзге де кейіпкерлердің Әбілқайырмен диалогына, оған деген қарым-қатынасына, ол турасындағы салыстыруларға мән қоя отырып, оған тән сипаттарды айқындайды. Автордың көркемдік шешіміне әсер етуі мүмкін тағдырдың жазғаны, халықтық дүниетаным, өзге туындылармен ой ұқсастығы мәселесіне де тоқталып отырады.

Тірек сөздер: образ, авторлық ұстаным, Әбілқайыр хан, Бопай ханым, көркемдік дәстүр.

Кіріспе. Тәуелсіздік тұсында жазылған туындылардың ішінде тарихи романдардың үлесі аз емес. Сан жағынан, сапа жағынан қарасақ та, қазақ қаламгерлерінің қаламынан туған кез келген шығарманың қазақ әдебиетіне, мәдениетіне, дүниетанымына бере алғаны мол. Мұхтар Мағауиннің «Шыңғысхан», Қажығали Мұханбетқалиұлының «Тар кезең», Қабдеш Жұмаділовтың «Дарабоз», «Прометей алауы», Рафаэль Ниязбектің «Көсем», Тұрсынхан Зәкенұлының «Аттила. Балқан тауға барғандар», «Көк бөрілердің көз жасы», Әкім Таразидің «Мұстафа Шоқай», Әнес Сарайдың

«Еділ-Жайық», Мәди Айымбетовтың «Бопай ханым» романдары секілді өзге де ел тарихы мен халық есінде қалған тұлғалардың өнегелі өмірі мен даңқты ерлігін көркемдік шеңберге сыйдырған туындыларымыз бар. Сонау көне түркілер заманынан бастап, хандық дәуірді, орыс отаршылдығы мен одан кейінгі кезеңді де тілге тиек еткен шығармалардың әрбірі тарихи ақтандақтарды ашып, өткен күннің қалтарысында қалған ел мен ер дерегін көптің керегіне жаратып, ұлттық сананы жаңғыртуға қызмет етуде. Себебі бұл тұста «қазақ прозасының тақырыптық деңгейі кеңіп, кеңестік жүйе кезіндегі жазылмақ түгілі айтуға

болмайтын «жабық» тақырыптарға қалам тарту мүмкіндігі туды» [1, 7].

«Қазақ әдебиетінің қазіргі кезеңінде байқалатын ұнамды үрдістердің бірі – көне дәуір оқиғалары мен тарихи адамдар өмірінің көркемдік ақиқатын айтуға ұмтылу» [2, 217]. Дәл осы ұмтылыс мақсатында әр автор тарих тағылымына, өткен өрнегіне, заман шындығы мен қажеттілігіне, ұлттық құндылықтарға, қазақ халқының кеше мен бүгіндегі этнографиялық белгілерге, ауыз бен жазба әдебиет нұсқаларына, тарихшылар мен данышпандардың естеліктеріне үңіледі, үлкен ізденіс нәтижесін тақырып пен идеяға сыйдырып, оқырманға ұсынады. Осындай туындылардың ішінде Мәди Айымбетовтың қаламынан туған «Бопай ханым» тарихи романының маңызы зор, себебі бұл туынды, біріншіден, әйел тағдыры мен әйел ерлігін сөз етіп, даңқты ханша образын жасауға талпынған қазақ әдебиетіндегі аз туындының бірі. Екіншіден, бұл шығармадан қазақ тарихында бейнесі қайшылыққа толы, әлі лайықты баға беріле қоймаған Әбілқайыр хан өмірін, кіші жүз руларының, жалпы қазақ халқының Ресей патшалығы құрамына қосылу тарихын және соған қатысты автордың өзіне тән көркемдік шешімдерді көре аламыз.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін әдебиеттану ғылымының қағидаттары мен әдістері құрайды. Сонымен қатар жалпы зерттеу әдістері қолданылды. Тарихи романды талдау барысында негізінен герменевтикалық әдіске ден қойылды. Анализ, синтез, салыстыру, сипаттау әдістері арқылы өзге де шығармалармен байланысын анықтауға, сол арқылы авторлық позиция, көркемдік дәстүрді анықтауға талпыныс жасалды. Зерттеу барысында Балтабаева, Пірәлиева, Бердібай, Оразбек, Алпысбаев, Келісбетов секілді қазақ әдебиеттанушыларының еңбектері негізге алынды.

Зерттеу нәтижелерін талқылау. «Төл тарихымыздың қалтарысында қалған, орыс билігіне қарсы тұрған Әбілхайыр хан ордасының әскери-саяси өміріндегі күні

бүгінге дейін бұрмаланып келген тарихи деректердің романның көркемдік қағидасына айналуы оның мазмұнын байытып, құндылығын арттыра түседі» [3]. Тарихи туынды «Бопай ханым» аталса да, әрбір оқырман үшін ондағы орталық кейіпкердің жалғыз Бопай емес екенін, романның Әбілқайыр екеуіне тең арналғанын аңғару қиын емес. Олай болатын себебі, Әбілқайыр туралы сөз болғанда Бопайсыз, Бопай туралы толғағанда Әбілқайырсыз сөз құрай алмасымыз анық. Көркем туынды XVIII ғасырдағы қазақ халқының әлеуметтік-саяси жайын баян етіп қана қоймай, Әбілқайыр мен Бопайдың жақындығын махаббат биігінде қарастырады, Әбілқайыр образын сомдау арқылы Кеңес үкіметінің қазақ елін отарлаудағы жасырын саясатын сипаттайды.

Роман Бибәтиманың (Бопай) дүниеге келуімен басталады. Ерекше есімді иеленген Сүйіндіктің «моншақтағары» бой жетіп, есейген кезде тылсымнан келген хабар мен түсінде көрген кейуананың сөзінен соң қолына қасиет қонып, бойында ауырған адамға дәру боп тарайтын кие бар екенін ұғына бастайды. Мұндай оқиғаны автордың көркемдік шешіміне де немесе Бопай ханым турасында ел аузындағы қиялынан гөрі шындығы басым дерекке де санауға болады. Қалай болғанда да, дәл осы қасиеттің қонуы Әбілқайыр мен Бопайдың кездесуіне түрткі болған оқиғаның ең негізгісі. Өйткені, саят құрып жүрген төренің тұқымы атынан құлап, мертігіп жатқанда оны Бопайдың ағасы Мырзатайдың тауып алуы, оны Бопай отырған Сүйіндік ауылына әкелуі тағдырдың өзі орайластырып қойған себеп секілді. Қиын жағдай болса да, екі жастың алғашқы кездесуі кезіндегі олардың сипаты мен араларында тұтанған махаббат отының белгісі төмендегі үзінділерде бейнеленген: «Ауырсынып жатса да, сом жұдырығын тастай ғып түйіп, жақ етін ширықтыра тістенген көркем жүзді жігіттің отты көзі сынықшы қыздың ұяң сезімін әнтек ыстық лебімен желпіп өткендей болғаны да анық еді. Сол бір сәттерде өрімдей жас сұлудың тұла бойын мертіккен жігітке деген

соншама бір аяушылық сезімі билеп тұрса да, аялы жанары еріксіз күлімдей берген болатын...» [4, 19-20]. «Табынай Ер Сүйіндіктің ауылында, Мырзатай үйінде бір айға жуық жатып сүйек-сүйегін сыздатып сырқыратқан мертігу дертінен айыға бастаған Әбілқайырдың көңіл сарайын айрықша жадыратқан ынтық сезім әр күні, сәт сайын ұлғайып, жан-жүрегін байыз таптырмады» [4, 20].

Әбілқайыр сырқатынан жазылған соң Бопайға қайтып оралуға уәде етіп, өз еліне аттанады. Алайда тезірек оралудың амалы болмайды, өйткені оны алда бірнеше келелі істер күтіп тұратын. Болашақ ханның образы тарихи романда естектерге қол ұшын берген тұста көріне бастайды. « - Алдар аға, сенім артқан ниетіңізді, ыстық ықыласыңызды түсіндім!.. Сын сағатта туған елді тағдырдың тәлкегіне тастай алмайтын жағдайдамыз қазіргі күндері. Алда-жалда тағы да орыс билігі мен өз іштеріңіздегі алпауыттардың қыспағында қалатындай болсаңыз, қазақ ағайындарыңыз, біз сіздердей түбіміз бір туысқандарға қашан да қол созып, көмек етуге даярмыз!» [4, 30]. «Қазақ, түрік, қарақалпақ, қырғыз, татар, башқұрт, түрікмен және басқа да түркі халықтарының тарихи тағдырларында ғасырлар бойы ортақ ұқсастықтар көп болды. Ең қиын жағдайда да бауырлас халықтар бір-бірімен жақындасуға ұмтылды» [5, 266]. Сыпайы сөйлеп, өзімен тағдырлас, туысқан халыққа көрсетіп отырған ықылас-пейілінен Әбілқайырдың досқа адал, жақынға қол ұшын созуға әзір, жоғарыдағы сөздің дәлелі болатындай дара сипатын көруге болады. Мұнымен Әбілқайыр бейнесі тек ашыла түседі, сонымен қатар Бопайдың, баласы Нұралының сөзі мен іс-әрекеті арқылы да Әбілқайыр хан образы айшықталып тұрады.

Өзіне үлкен үміт пен жауапкершілік артқан Қарақұм құрылтайында рубасылар Әбілқайыр ханға Кіші жүздің бас ханы, ал Бөкенбай батырға бас қолбасы билігін берген болатын. Дәл осы оқиғадан кейін Әбілқайыр жақ Адай еліне құда түсіп, Бопайды төре елінен ұзаттырып ала кетеді. Бұл тұста да

назардан тастамауымыз керек шығарма бөлігі бар. Романның мазмұнына сүйенсек, тылсымнан келген емшілік, сынықшылық қасиеттің иесі Бопай Әбілқайырмен бас қосқаннан кейін, көп ұзамай аяғы ауырлап, түс көреді: «Таң-тамаша сезімге бөленіп, көкірегің кереметтей бір қуаныш керней ала жөнелді. Өзінің манадан бергі жападан-жалғыз екенін де ұмытып кетті... Әлден соң ол өзін осы жерге терең дарияның айдынынан жол ашып жетелеп алып келген көкжал арланды кенет есіне түсірді. Ұмытып бара жатқанына өкініп, жалма-жан жан-жағына, алды-артына қарап қасқырды іздеді. Арлан ұшты-күйлі ғайып болыпты. Жан дүниесі әлем-жәлем, жандалбасалап олай бір, бұлай бір жүгірген ол көкірегің өксік қысып көз жасына ерік берді. Қанша жылағанын білмейді, жылаудан солығы басылған Бопай кенеттен тап жанынан бөлтіріктің қыңсылаған үнін естіді. Қып-қысқа аяқтарын тырбың-тырбың қозғап бауырын болар-болмас көтерген құйттай ғана тіршілік иесін қос алақанына салып жерден көтеріп алды. Сол қас қағымда көзін жаңа-жаңа ашқан кішкентай бөлтірікті азуымен желкесінен қысып оның қасына әкеп тастаған арлан оған анадай жерден бір көрінді де, көзден ғайып болды...» [4, 38]. Дәл осы түстен кейін Бопайдың қасқырдың жүрегінен жасалған қуырдаққа жерік болып, көп ұзамай Нұралыны дүниеге әкелгеніне куә боламыз. Бұл жердегі түс те, жерік ас та, Бопайдың ғана сипатын ашып тұрған жоқ, ол Әбілқайырды да бейнелейді. Ел аузындағы Арқар батыр, Жылан батыр, Бапы хан, романдағы Нұралы секілді образдардың барлығын біріктіріп тұрған ұқсастық анасының ерекше жерік асы болса, Бопайдың түсінде көрген көкжал бөрінің күшігі Нұралы да, ал оның әкесі Әбілқайырды көкжал бөрінің өзі деп топшылауымызға болады. Түркі халықтарының тотемдік жануарына ұқсатудағы автордың мақсаты Әбілқайыр образын айшықтап, текті, жақсыларға тарта туған, бойы қасиетке толы, өзі қайырылмайтын хан образын сомдау десек қателеспейміз. Өйткені әйгілі мифолог ғалым

С. Қондыбайдың «Байырғы қазақ дүниетанымы» еңбегінде бөрі турасында мынадай деректер келтірілген: «Ертегі аңыз-эпсаналарда қиналған, қысылып дағдарланған негізгі кейіпкерге тосыннан ұшырасқан бөрі көмекке келіп, жол көрсетіп, бастап алып жүреді. Қапыда атынан айырылған басты қаһарманды барар жеріне жеткізеді. Туғандарынан жапа көрген немесе қазақ тапқан батырды тірілтіп, кек алуына көмек береді. Батыр туар әйел қасқырдың жүрегіне жерік болады» [6, 392]. Бұл үзіндіге сүйенсек, Бопайдың құрсағындағы баланың басты сипаты – батырлық. Ал тағы бір нұсқада «бөрі еркіндіктің, мәрттіктің, алғырлықтың символы болып табылады... Бөрі тектілікті, өрлікті білдірумен бірге магиялық қасиеті бар өсіп-өнуші тіршілік иесі ретінде де танылды» [6, 393]. Демек, көкжал сипатында көрінген Нұралының әкесін де әрі батыр, әрі өр, әрі текті, әрі алғыр, еркін де мәрт кісі деп қабылдауымызға негіз бар. Өйткені «көркем прозадағы түс көру тәсілі – образ бен ой айшықтауда, кейіпкердің характерін психологиялық өмірдің заңдылығына сәйкес сомдауда, ұйқы мен ояну мезеті арасындағы жан қозғалыстарын байланыстыра бейнелеуде, түстен кейінгі адам санасы мен іс-әрекеттеріндегі психологиялық түзілістерді тереңдей талдауда таптырмас құрал бола алады» [7, 87].

Әбілқайыр хандық билікті қолына алғаннан кейін оның өміріндегі қиын да күрделі кезеңі басталады. Ол кезең қазіргі қазақ тарихында да қайшылыққа толы жағдаяттардың бірі ретінде есте қалды, алайда ақиқаты айқындала қоймады. Соның ең маңыздысы Кіші жүз руларының орыс өкіметінің бодандығына кіру мәселесі. Тарихи туындыда Әбілқайыр мен Анна Ионовнаның арасындағы келісімге әсер етіп, оны өзгерткен, сөйтіп қара басының қамы, генерал шенін алу үшін Кіші жүз бен Орта жүз қазағынан ресми түрде орыс өкіметіне бодан етіп мәлімдеген Тевкелев болатын. Ал Әбілқайыр керісінше, бодандықтан қазақ елін сақтап, беріспей тұрған патша ретінде көрінеді: «Әбілқайыр хан

болып тұрғанда бұларды бодандықпен түбегейлі мойынсұндыру әрекеттерін іске асыра алмайтындығына көзі әбден жеткен губернатордың ендігі әрекеті бас хандықтан үміткер Барақ сұлтанды Әбілқайырға қарсы қойып, іріткі салып, билікке қол жеткізу үшін бір-бірінің кеңірдегін шайнаудан тайынбайтын екеуін одан сайын өштестіре түсіру болатын» [4, 95]. Қалай десек те, бұл шарт бодандық шарты, болмаса әскери одақтастыққа қатысты шарт болса да, халық тарапынан наразылық өршіп тұрған еді. Патшайымға апарар жолда хат мәтінін өзгертіп, қолын қойдырып, кейін орыс өкіметінің Грамотасын қазақ еліне таныстыруға келген Тевкелев те оған куә болады: «Атой салып, өзіне тап беруден тайынбайтын, ашына, ашу шақыра айқайға баса сөйлегендерден ол кәдімгідей тайсана бастады. Иықтасып дәл қасында тұрған Әбілқайырға қарап еді, ол айтылып жатқан наразылықтың ешбіреуіне де селт етпеген сыңайда екен. Отша жанған өткір көз жанарын әлгілерге тік қадап, жақ еттері ауық-ауық бұлт-бұлт ойнап, іштен тынып тұрғаны байқалады. Осы мезетте Есеттің өктем даусы шықты.

– Ау, ағайын! Көп арасынан қатынша күңкілдемей, жүздеріңді жасырып шуламандар, түге!..

– Ей, Барақ, ақылың мен айбатың бар екенін білеміз! Елдің амандығы мен бүтіндігін ойлап келсең, шулатпа мыналарыңды құрдан-құр! Орданың бас ханы Әбілқайырдың бұл қадамға баруының байыбына бар!..» [4, 53]. Жоғарыдағы үзіндіде сабыр сақтап, бар салмақ пен жауапкершілікті азаматтықпен арқалап тұрған Әбілқайырдың бейнесін көрсек, Есеттің өктем сөзінен соң оның ел ішінде қаншалықты абыройлы болғанынан да хабардар болуға болады. Әбілқайырдың тұрысынан-ақ ішкі жай-күйін танып, елге белгілі батырдың қолдау көрсетуі жайдан-жай емес деп ұғыну керек. Автор бұл тұста қазақ ақын-жыраулары шығармаларындағы Әбілқайыр бейнесін сомдауға тырысқан деп тұжырымдаймыз. Өйткені біз білетін көптеген туындыларда Әбілқайыр мен Нұралы елге ұран, пана болған

қадірлі хандардың қатарынан болған. Солардың бірі «Атыраудың ағиығы» атанған Нұрым Шыршығұлұлы:

«..Тарқады елдің құралы-ай,
Кіші жүздің баласын
Бастап кеткен сол заман
Әбілқайыр, Нұралы-ай» [8, 347] деп

ерекше ілтипатпен еске алса, Қашаған Күржіманұлы «Адай тегі» дастанында:

«Аржағы Әнес ұраны –
Ел едік толық құралы.
Басшы болған халқына
Екі төре бар еді –

Әбілқайыр, Нұралы...» [9, 84] деп толғайды. «Атамекен» дастанында да Әбілқайыр мен Нұралыны тілге тиек етіп, заманның жайын жырлауды назардан тыс қалдырмаған:

«Бұл қонысқа келгелі
Билердің жыйып құралын
Әбілқайыр, Нұралы;
Әбілқайыр бар кезде
Беріпті жұрттың мұралы.
Қалмақты қуып қоныстан,
Айырып шепті орыстан,

Тарқамай кетті құралы» [9, 97]. Бұл секілді үзінділерді көптеп қолдануға болады, бірақ барлығының тоғысатын жері – Әбілқайырдың мықтылығы, ол қылған қызметтің маңыздылығы, ол билеген заманның тыныштығы, сол заманды аңсау. Әбілқайырдың абыройлы болғандығы тек бұл туындыларда емес, тарихи романның өзінде де бірнеше тұста көрінеді. Сәңкібай батырдың, Қарақ батырдың Әбілқайырдың келісіне қаншалықты дайындалғанына, қалай қарсы алғанына қарап, Кіші жүз ханының сондай беделді жандардың бірі болғанын ұғынуға болады.

Туындыда Әбілқайыр көптеген ханға лайықты қасиеттерге ие жан ретінде сипатталады. Оның бойынан даналық та анық көрініп отырады. Бар ойы мен уайымын ішіне жасырып, сыртқа білдіртпей отыратын Әбілқайырға алаңдаған Бопаймен арадағы диалогқа үңіліп көрелік:

« – Хан иесі, бүгін әлдебір күйде алаңдаулысыз ғой. Нендей жайсыздықта отырсыз?..

Жұқалау әдемі езуінің ұшына үйірілген ойлы да сұраулы жымиысты Бопай өзгелерге аңғартқысы келмегендей, Әбілқайырға жүзін сәл ғана бұрды.

Хан жауап орнына қабағын бір сәт жазып, Бопайды көз қиығымен бір жанап өтті де, ұлына қарап:

– Кәні, әне бір кішілеу сақанды хан сайла, «Ханталапай» ойналық, балам, - деді ұлын еркелете, күлімсірей сөйлеп» [4, 59]. Көп оқырманға бұл тұста Әбілқайыр Бопайға жауап бермегендей, жауап бергісі келсе де, маңайындағылар алдында сөйлегісі келмегендей боп көрінуі мүмкін, алайда ханның өз баласына сөйлеген сөзінде үлкен мән бар еді. Ол сол арқылы Бопайға жауабын берген болатын. Ханталапайды ойын деп те, ханды жазалаудың түрі [10, 225] ретінде қарасақ та, бұл сөздің арғы жағында үлкен саяси ойынның болып жатқанын, осы жолда хан асығы кімнің қолына түсіп, кімнің асығы алшысынан келетіні белгісіз екенін білдіргісі келгендей. Қарапайым адам қапелімде келістіре алмайтын бұл үзіндідегі Әбілқайырдың жауабы арқылы автор сол замандағы қоғамдық-саяси жағдайды жеткізіп қана қоймай, сонымен қатар Әбілқайыр образына терең ойлы, көреген жанның сипатын жалғаған.

Романдағы Әбілқайырдың әр тұста елең етіп көрінетін шыдамдылығы, сабырлылығы оның мықты саясаткерлігінен болар деген ой қалдырады. Тевкелевпен, Кэстльмен, Татищевпендиалогтарына назар аударар болсақ, ханның қандай жағдай болса да, сыпайылықтан айнымайтын, бірақ өз ойы мен ниетін батыл білдіре алатын бейнесіне куә боламыз. Орынбор маңына торғауыттардың сансыз жасағын жинап алып отырған қала билігінің «қалмақ әскері сіздің ордаңызға қарсы қою үшін жинақталып отырмағанын назарыңызға аларсыз, аса мәртебелі Абулхаир мырза!..» [4, 88] деген сөзіне былайша жауап қатады: « - Назарға алынады. Алайда қалмақ

әскерінің Орынбор бекінісінде қалмауын өз тарапымнан табан аудармай қадағалайтынымды жеткізгім келеді. Бұл, әрине, Орынбор ұлығының бізге бүкпесіз айтқан мәлімдемесіне деген сенбестік емес, оның шынайылығына адал көңілмен көз жеткізу деп қабылдаңыз, өйткені қашаннан дұшпандық пиғылынан тартынбаған торғауыттардың жеме-жемге келгенде бұдан әрі нендей әрекетке баратынын орда билігі айта алмайды!» [4, 89]. Бағамдап қарасақ, Әбілқайыр торғауыттар ел шекарасына жақын тұрғанына наразы, бірақ соған қарамастан олардың ел шекарасына жақындап келуіне жол берген Орынбор билігінің мәлімдемесіне де сенетінін жеткізеді. Десек те Орынбор билігінің торғауыттардың жасауы мүмкін дұшпандығына кепілдік бере алмайтынын ескерте отырып, бұл жағдайды қатаң бақылауда ұстайтынын білдіреді. Әбілқайыр бұл тұста орыс өкіметімен жасалған бітім шеңберінде өз жауына қарсы сес көрсетудің ретін жасап отыр. Саяси сауаттылығынан бөлек Әбілқайыр күнделікті өмірде де өз сабырлылығымен ерекшеленеді. Ерекшеленіп қана қоймай, өз маңайындағыларын да сол жақсы қасиетке үйіріп, шақырып отырады. Би-старшындармен болған орда жиынында өз өкпе-ренішін білдіріп, билікке талас қып, ел ішіне алауыздық шақырып жүргендерді айыптаған Мырзатайды төмендегідей сөздермен сабырға шақырады:

« - Жә, Мырзеке, сәл сабырға кел! — деді Әбілқайыр осы тұста оның сөзін сыпайы ғана бөліп. - Қалай десек те, Барқы мен Өтей мырзалардың сөзі елге жаны ашығандықтан айтылған болар. Тағы кімнің айтпағы бар, ортаға салсын, асықпай, жөнімен тыңдалық алдымен» [4, 155-156]. Ол әрқашан әліптің артын бағады, барлығын тыңдай біледі және содан қорытынды шығарушы ретінде көрініп отырады.

Романды оқи отырып, «ер азығы мен бөрі азығы - жолда» деген нақылдың мәнісін түсініп отырамыз. Өйткені, Әбілқайырдың хан болып, ордадан отырған, қымыз ішіп, қызарған, бұйрық беріп, өзі қарап қалатын

күйін кездестіре алмаймыз. Үнемі ат үстінде жүріп, Мұңалжар асып Орынборға, Үстірт асып қарақалпақ еліне барып жүреді. Оның барлығы да ел тыныштығын сақтап, жақындағы ағайын мен көрші арасындағы тыныштықты сақтау үшін еді. Осы тұстарда Әбілқайыр хан бейнесін автор мықты стратег ретінде көрсетеді. Қанша күшті, қуатты болса да, торғауыттармен соғыста Жемнің арғы бетінен келген жауды бергі бетіне өтуіне мүмкіндік жасағанын, «Шотан да, Мырзатай да ілкімде түсіне қоймады» [4, 93]. Бұл да Әбілқайырдың бойында «қырық кісінің ақылы бар» даналығының бір сипаты ретінде көрінеді. Өйткені, бұл әрекеті арқылы автор жай соққы беріп, жаудың бетін қайтарып қана қоймай, олардың қашуына мүмкіндік бермеу еді.

Әбілқайыр хан бейнесінің тағы бір сипаты - жөн мен ретті білу. Бұл үшін де кісіге ақыл мен түсінік, білім мен тәжірибе керек-ақ. Автор хан бейнесін сипаттау кезінде қазақтың ұлттық құндылықтарын насихаттап отыруды, оның тапқа, жасқа, жынысқа қарамайтын, бәріне ортақ заң екендігіне назар аударуды көздейді. Хан болса да, Әбілқайыр хан Бопай елінің күйеуі. Қайын жұрты ханға лайық құрметпен қарсы алса да, төрге шығыңыз деген ел ағаларының сөзіне, Бопайды жоғары шығарып, өзі іргеге, төменірек тұсқа отырғанымен жауап береді. Ханның төрге шықпай қалғанына көзге оғаштау көрінгенімен, шаңырақ иесі Тегісбай ханның әрекетін былайша түсіндіреді:

«- Әу! Ағайын, адай тумалар, ел төрінде отырған хандарыңыз - адай еліне күйеу! Әбілқайыр, ендеше, өз жолын біліп тұр!» [4, 98]. Шығармадағы Әбілқайыр бейнесін сараптап отырған әрбір оқырман үшін ханның образы ерекшеленіп тұратыны анық. Бір-екі тұсы болмаса, басқа бөліктерде Әбілқайыр сан қырлы, кемел тұлға ретінде сомдалған, бұрынғының батырларын, идеалды кейіпкерлерді, романтистік көзқарасты еске салады. Десек те, бұлай образ сомдаудағы автор ұстанымын кіші жүз ханының тарихтағы бейнесіне деген қарсылығы деп ұғынсақ

болады. Әбілқайырдың біз айтқандай әдеби-көркем бейнесінің жасалуы тарихи тұлғаны кейбір қайшылықтар мен түсініксіз деректерден тазалау болуы да әбден мүмкін.

Әбілқайыр бейнесі Бопайдың сөзімен де, әсіресе баласы Нұралымен салыстыра қарастырылған бөліктерінде де ашыла түседі. «Елді хан ордасының қол астына тұтастырамын десен, жеріңе қашаннан бері көз сүзіп отырған орыс билігіне емес, алдымен сол халқыңа арқанды сүйейсің. Сенің әкең Әбекем хан да осыдан айныған емес, соны түсін» [4, 199] деген Бопайдың сөзінде баласына деген көңіл толмастықты да, Әбілқайырдың дара белгісін де байқаймыз. Бұл үзінді де алдыңғы бөліктерде жазылғандай Әбілқайырдың ел тұтастығын арттырып, бодандыққа қарсы күрестегі сипатын айшықтай түседі. Тағы бір үзіндіде Бопайдың ішкі жай-күйі былайша баяндалған: «Нұралының ана ниетін мақұлдап бірауыз сөз айтпауы Бопай ханымның көңіліне аздап кірбің ұялатқандай болды. Әкесіндей кесімді сөйлеп, батыл әрекетке турасынан салатын қасиет дарымаған ұлына деген қазіргі сәттегі аз-кем ренішін ішіне бүгіп қалды. Орыс билігінің күннен-күнге өршіп келе жатқан теріс пиғылынан соңғы жылдары әсіресе көп сескенетін ұлының жағдайын түсінеді ғой, әрине» [4, 215]. Үзіндіден аңғарғанымыздай, Нұралыға жетіспейтін кесімділік, батылдық, жүректілік Әбілқайырдың еректігін көрсететін бірден бір белгілер еді.

Жоғарыдағы талдаулар мен салыстыруларды қарастырсақ, ел билеушілер мен батырлар, данышпандар мен ғұламалар, атақты тұлғалар образын жасауда қазақ халқы қаламгерлерінің өз ішінде ғана емес, Түркі халықтарының көркемдік жазу дәстүрімен де байланыс барын көруге болады. Біздің зерттеу нысанымызда сомдалған Әбілқайыр хан бейнесінің сипаттарын көне жазба мұраларының басты кейіпкерлерінің бойынан да көре аламыз. Мысал келтірер болсақ, Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанында Алып Ер Тоңға мадақтауға арналған бөлік бар. Ғалым Н. Келімбетов бұл турасында «дастанда ақын Алып Ер Тоңғаны қалың қол бастаған

батыр ғана емес, сонымен бірге, көреген көсем, білімді жан, ақылды ел ағасы, елге тұтқа болған қаһарман ретінде бейнелейді» [11, 16] дейді. Тағы бір үзінде Жүсіп Баласағұнның мемлекет нұсқасын берік ұстау үшін қажетті қасиеттері жайында да баяндайды: «Сондай-ақ ақын мемлекет тұтқасын берік ұстап тұру үшін білім мен парасат қана емес, сонымен бірге, ерік, жігер, қаһар, өктемдік, өзгелерге үстемдік ететіндей ызғар қажеттігін айтады. Дәл осындай қаһарман - Алып Ер Тоңға деген түйін жасайды» [11, 17]. Бұл дастандағы Ер Тұңға кезіндегі түркілердің батыры ғана емес, көсемі де еді, ал Әбілқайыр да хан емес, ғұмыры ат үстінде өтіп, оң мен сол, батыс пен шығыстан төнген қауіптен өз халқын қорғаған батырлардың бірі еді. Басқалай айтсақ, өз әміріндегі қазақ халқын сыртқы да, ішкі де жаудан қорғау үшін «түн ұйықтамай, күндіз отырмай», тыным таппай жүрген Күлтегіннің бейнесін елестеді.

Қорытынды. «Тарихи тақырыпқа жазылған шығармаларда тарихи сабақтастық көркемдік таным тұрғысынан екі бағыт аңғарылады. Бірінші бағыттағы шығармаларда өткен дәуір оқиғасын ала отырып, оны бүгінгі күнмен салыстыра бейнелеу, араластыра айту әрі бұрынғы заманда ұлт бойында болған асыл қасиеттерді, гуманистік қасиеттерді дәріптеу идеясы жатады. Ал екінші топтағы шығармаларда тарихи тұлғаларды, олардың іс-әрекеттерін суреттей отырып өзі өмір сүрген заманның бейнесін жасау немесе уақыт әкелген жаңа психология, түсінік, болмысты билеген жеке қасиеттерді бейнелеу, ол туралы сұрақты ой тастау. Ашық айта алмаған ой астарын арғы заман телу оқиғаларына арқылы аңғарту» [12, 29]. Тарихи романдағы Әбілқайыр бейнесі ғалым Алпысбаев айтқандай, екінші топқа жатады. Ол жасаған хан бейнесі қазіргі халық танымында жүрген Әбілқайыр бейнесіне жаң қырынан қарауға, уақыт әкелген соңғы ғылыми деректерге сүйене отырып, тарихи тұлғаның шынайы бейнесіне қатысты сұрақты ой тастайды. Оның ханға тән болуы мүмкін өрлік, асқақтық, күш

көрсетуші, не болмаса астамшылдық қырын назарға алмай, авторды бойында сезімі бар, үлкен қасиеттердің иесі ретінде көрсетеді. Бұл турасында келесідегі үзіндегі авторларымен ойымыз бір жерден шығады: «The protagonist personality must be connected not only with the concepts of strength, superiority, but also beneficence and kindness» [13, 386]

«Бопай ханым» тарихи романы XVIII ғасырдағы қазақ елінің ішкі-сыртқы саяси жағдайын баян етіп, сол заманның даңқты тұлғалары Әбілқайыр хан мен Бопай ханым бейнесін жарқырата суреттеген мазмұнды туындылардың бірі. Бұл шығармадағы Әбілқайыр бейнесінің жасалуына мән бере отырып, ондағы қазақ жазу өнерінің көркемдік дәстүрін, автордың тарихи тұлғаға қатысты позициясын, тарихи деректерге жасаған интерпретациясынан туған сипаттамаларға куә болдық. Туындының тақырыбы мен идеясын

жеткізуде, образдар сомдауда автор өз ұстанымынан айнымайды және сол мақсатта Әбілқайырдың тарихи тұлғасына басқаша көзқараста қарауға шақырады. Бұл романдағы Әбілқайыр образы елден ерек, келісті мінез-құлықты, стратег, саясаткер, батыл, жөн мен ретті білетін, жан-жақты сауатты, ел мәселесін назарда ұстап, аттан түспеген қайраткер хан ретінде көрінеді. Позиция ретінде қарастырсақ, халықтық ұстанымға [14, 13] негізделген авторлық ұстаным десек, қателеспейміз. Тарихи туындыдағы өмір тарихы қарама-қайшылыққа толы болған, әлі күнге лайықта баға беріліп, тарихи бейнесі нақтыланбаған тұлғаның сипаттары көркем-әдеби образ ретінде де қазіргі рухани жаңғыру кезінде сол бір олқылықтың орнын толықтыруға жасалған қадамдардың бірі деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Балтабаева, Г. С. Тәуелсіздік кезіндегі қазақ прозасының көркемдік әлемі: Повестер мен әңгімелерге шолу, талдау [Мәтін] / Г. С. Балтабаева. – Алматы: Қаратау КБ ЖШС: Дәстүр, 2016. – 288 б.
2. Бердібай, Р. Он томдық шығармалар жинағы, 6-топ: Тарихи роман [Мәтін] / Р. Бердібай. Құрастырған Д. Ысқақұлы. – Алматы: РПБК Дәуір, 2018. – 430 б.
3. Ағыбаев, Қ. Бопай ханым: тарихи роман. [Электронды ресурс] / Кіру режимі: <https://edq.kz/2021/11/20/%D0%B1%D0%BE%D0%BF%D0%B0%D0%B9-%D1%85%D0%B0%D0%BD%D1%8B%D0%BC-%D1%82%D0%B0%D1%80%D0%B8%D1%85%D0%B8-%D1%80%D0%BE%D0%BC%D0%B0%D0%BD/> Қаралған күні: 10.02.2024.
4. Айымбетов, М. Бопай ханым : тарихи роман [Мәтін] / М. Айымбетов. – Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. – 224 б.
5. Олжабаев, Б.К.Түркі халықтары фольклорында туған жерді кие тұту мотивтері [Мәтін] / Б.К. Олжабаев, А.Ш. Пангереев, О.Сөйлемез // Еуразия гуманитарлық институтының ХАБАРШЫСЫ. – 2023. - № 4. – Б. 266-280. DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.18>
6. Қондыбай, С. Байырғы қазақ дүниетанымының негіздері. Энциклопедиялық басылым [Мәтін] / С.Қондыбай. – Алматы: Қазақ тілі, 2018. – 480 б.
7. Пірәлиева, Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелер (Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем) [Мәтін]: Монография // Г.Пірәлиева. – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.
8. Тастеміртегі, Ж. Ж. Тіл таңбалы Адайдың ақындары. 1-кітап [Мәтін] / Ж.Ж. Тастеміртегі. - Алматы: Жазушы, 2006. – 528 б.
9. Тастеміртегі, Ж. Ж. Тіл таңбалы Адайдың ақындары. 2-кітап [Мәтін] / Ж.Ж. Тастеміртегі. - Алматы: Жазушы, 2006. – 560 б.
10. Қазақ салт-дәстүрлері. [Мәтін] / Құрастырған Әлижан Тауұлы . - Алматы: Балауса, 2017. – 384 б.
11. Келімбетов, Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы (Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиеті бастаулары). [Мәтін]: Зерттеу / Н. Келімбетова // Астана: Елорда, 2000. – 288 б.
12. Алпысбаев, Қ. Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным мен көркемдік [Мәтін] / Қ.Алпысбаев. - Алматы: Таймас, 2008. – 232 б.
13. Turysbek, R. The role of historical figures and legend motifs in the modern prose structure in expressing the idea of state hood / R. Turysbek, K. Sarekenova, K. Baitanasova, A. Myrzakhmetov, Z. Aimukhambet. // ASTRA

Salvensis, Supplementno. 1/2021. 383-393 pages. URL: <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85107062588&origin=resultslist>

14. Оразбек, М. С. Авторлық позиция: монография: [Мәтін] / М. С. Оразбек. - Алматы: CyberSmith, 2017. – 156 б.

Материал редакцияға 17.04.24 түсті.

М.Т. Шоқай*, Р.С. Турысбек

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

ОБРАЗ ХАНА АБУЛХАИРА В ИСТОРИЧЕСКОМ РОМАНЕ «БУПАЙ ХАНЫМ»

Аннотация. В многолетней практике казахской литературы значение и оценка исторических романов всегда были высокими. Мы не ошибемся, если будем рассматривать исторические произведения, служащие интересам страны, как основной характер казахской подрастающей литературы, которые возраждают прошлое, напоминают о забытом и выпускают на свет то что осталось в тайне. Авторы, изучающие именно таких произведений, обращают внимание в статье на широту тематического фона казахской прозы при суверенитете и значение исторических романов в возрождении сознания народа. Взяв в качестве основного объекта исторический роман казахского писателя Мади Айымбетова «Бупай ханым», рассматривается образ знаменитого хана Младшего жуза Абулхаира хана. Этот роман примечателен своей новизной, тем, что он был одним из не многих произведений, написанных о женщине, и тем, что он был произведением, в котором описывается образа Абулхаир Хана, жизнь которого была полна противоречий. Кроме того, авторы призывают обратить внимание на художественную традицию казахского словесного искусства, мировоззрение, личную позицию автора в создании образа Абулхаира. Он определяет характерные черты, придавая значение диалогу других персонажей романа с Абулхаиром, его отношению к нему, сравнениям в нем. Он так же затрагивает вопросы судьбы, народного мировоззрения, сходства мысли с другими произведениями, которые могут повлиять на художественное решение автора.

Ключевые слова: образ, авторская позиция, Абулхаир Хан, госпожа Бупай, художественная традиция.

M.T. Shokay*, R.S. Turysbek

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

THE IMAGE OF KHAN ABULKHAIR IN THE HISTORICAL NOVEL «BUPAI KHANIM»

Abstract. In the long-term practice of Kazakh literature, the importance and focus of historical novels have always been high. We will not be mistaken if we consider historical works serving the interests of the country as the main character of the Kazakh growing literature, which revive the past, reminds of the forgotten and brings to light what has remained a secret. The authors studying such works pay attention in the article to the breadth of the thematic background of Kazakh prose under sovereignty and the importance of historical novels in reviving the consciousness of the people. Taking as the main object the historical novel of the Kazakh writer Madi Ayymbetov "Bupai khanim", the image of the famous Khan of the Younger Zhuz Abulkhair Khanis considered. This novel is not able for its novelty, the fact that it was one of the few works written about a woman, and the fact that it was a work that describes the image of Abulkhair Khan, whose life was full of contradictions. In addition, the authorsurge to pay attention to the artistic tradition of Kazakh verbalart, worldview, personal position of the author in creating the image of Abulkhair. He defines the characteristic features, attaching importance to the dialogue of other characters in the novel with Abulkhair,

his attitude towards him, comparisons in him. It also touches on issues of fate, folk worldview, similarity of thought with other works that may influence the artistic decision of the author.

Keywords: image, author's position, Abulkhair Khan, Bupai Khanim, artistic tradition.

References

1. Baltabaeva, G. S. Тәуелсіздік кезіндегі қазақ прозасының көркемдік әлемі: Повестер мен әңгімелерге шолу, талдау [The artistic world of Kazakh prose during Independence: review, analysis of stories and stories]. - Almaty: Karatau KB LLP: tradition, 2016 – 288 p.
2. Berdibay, R. On tomдық шығармалар жинары, 6-топ: Тарихи роман [Collection of works in ten volumes. Group 6: historical novel]. Compiled By D. Iskakuly. - Almaty: Rpbk Epoch, 2018 – 430 P.
3. Agybayev, K. Bopaj hanym: tarihi roman. [Bopaj Khanum: a historical novel]. [Electronic resource] /Access mode: <https://edq.kz/2021/11/20/%D0%B1%D0%BE%D0%BF%D0%B0%D0%B9-%D1%85%D0%B0%D0%BD%D1%8B%D0%BC-%D1%82%D0%B0%D1%80%D0%B8%D1%85%D0%B8-%D1%80%D0%BE%D0%BC%D0%B0%D0%BD> / Date of application: 10.02.2024.
4. Aimbetov, M. Bopaj hanym: tarihi roman. [Bopai khanym : historical novel]. - Nur-Sultan: Foliant, 2021. - 224 p.
5. Olzhabayev, B. K. Түркі халықтары фольклорында туған жерді кие тыту мотивтері [Motives of the destruction of the native land in the folklore of the Turkic peoples] / B. K. Olzhabayev, A. Sh.Pangereev, O. Sözlomez // Bulletin of the Eurasian humanitarian Institute, No. 4/2023. pp. 266-280. DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.18>
6. Kondybay, S. Байырғы қазақ дүниетанымының негіздері. Энциклопедиялық басылым [Fundamentals of the indigenous Kazakh worldview. Encyclopedic edition]. - Almaty: Kazakh language, 2018 – 480 P.
7. Piraliyeva, G. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербалды ішараттар, заттық әлем) [Some problems of psychologism in artistic prose (color vision, nonverbal gestures, the material world)]. - Almaty: Alash, 2003 - 328 P.
8. Tastemirtegi, Zh. Zh. Til tanbaly Adai poets. Book 1. - Almaty: writer, 2006. - 528 P.
9. Tastemirtegi, Zh. Zh. Til tanbaly Adai poets. Book 2. - Almaty: writer, 2006 – 560 P.
10. Kazakh traditions and customs / Compiled By Alizhan Tauuly . - Almaty: Balausa, 2017 – 384 P.
11. Kelimbetov, N. Көркемдік дәстүр жалғастыру (Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиеті бастаулары) [Continuation of artistic traditions (ancient Turkic poetry and the origins of Kazakh literature)]: Research / N. Kelimbetova // Astana: Elorda, 2000 – 288 P.
12. Alpysbayev, K. Қазақ әдебиетіндегі тарихи шығарма: таным мен көркемдік [Historical work in Kazakh literature: cognition and artistic]. - Almaty: Taimas, 2008 – 232 P.
13. Turysbek, R. The role of historical figures and legend motifs in the modern prose structure in expressing the idea of state hood / R. Turysbek, K. Sarekenova, K. Baitanasova, A. Myrzakhmetov, Z. Aimukhambet. // ASTRA Salvensis, Supplementno. 1/2021. 383-393 pages. URL: <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-85107062588&origin=resultslist>
14. Orazbek, M. S. Avtorлық poziciya: monografiya [Author's position: monograph] / M. S. Orazbek. - Almaty: CyberSmith, 2017 – 156 P.

Мақалаға сілтеме: Шоқай, М.Т. «Бопай ханым» романындағы Әбілқайыр бейнесі [Мәтін] / М.Т.Шоқай, Р.С. Тұрысбек // *Dulaty University Хабаршысы*. – 2024. - №2. – Б. 33-42 <https://doi.org/10.55956/KYZR1219>